



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РПФО директоры

Ф. Тұрсынов

2025 жыл

**Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында  
Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алдыбы – Жамбыл» атты  
республикалық жас ақындар айтысының өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. Жалпы ережелер.**

1.1. Осы ережелер республикалық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алдыбы – Жамбыл» тақырыбындағы жас ақындар айттысының мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Республикалық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алдыбы – Жамбыл» тақырыбындағы жас ақындар айттысының мақсаты мен міндеттері:

- оқушылар арасында Жамбыл Жабаевтың шығармаларын насихаттау;
- оқушылардың суырып салмалық қабілеттерін, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;
- оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, ауыз әдебиетінің рөлін, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүргегімен түсіне білуге үйрету;
- айттыскер жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру.
- осы байқауға сәйкес жыр-терме айту үрдісін жаңғырту;

**II. Айттыстың шарттары**

2.1. Айттысқа қатысатын оқушылар поэзияны сүйетін, оны тақырыбына сайталдай біletіn, “өлең – сөздің патшасы” екендігін жанымен түсіне біletіn, өз ойын жан-жақты жеткізе алатын суырып салмалық қабілеті бар болуы шарт.

2.2. Республикалық айттысқа қатысуши оқушылар облыстық айттыстың жеңімпаздары болуы керек.

2.3. Айттысқа қатысуши үміткерлер ел-жер тарихы, қоғам қайраткерлері, тіл мәселеі, ауыл проблемасы, оқу мен тәрбие жайы, жастар болашағы, қоғамдағы қазіргі жағдайлар туралы, сондай-ақ, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығынан және оның айналасындағы ақын-жыраулар поэзиясынан хабардар болып, қарсыласына қолма-қол жауап бере алатындей болуы шарт. Әр жұптың айттысы 20 минуттан аспауы керек.

2.4 Республикалық оқушылар айттысы Жамбылдың туған жерінде өтетіндіктен Республикалық кезеңге Алматы облысынан бірнеше оқушылардың қатысуға құқығы бар.

2.5 Айттыс екі номинация бойынша өтеді:

- **Тақырыптық айттыс.** Бұл жерде оқушылар Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын, жалпы елдегі хал-ахуалы туралы жырлау керек, бір-біріне мәнді де мағыналы жауап қайтара білу керек.

**- Қайым айтыс.** Қайым айтыстың негізгі шарты — айтысты бастаған қарсыластың айтқан өлеңінің үйқасын бұзбай, алғашқы екі жолын мағыналық түрғыда ғана сәл өзгертіп, немесе сол қалпында сақтап соңғы екі жолында жауап қайтару. Қайым айтыс — нағыз суырып салмалықты, шапшаңдық пен тапқырлықты басты талап қылышп, жедел ой қорытып, салмақты жауап қайтаруды қажет ететін айтыстың ең қызық түрі.

Айтысқа 7-11 сынып оқушылары қатыса алады. Әр облыс республикалық айтысқа әр номинация бойынша 1 (бір) үміткер (*әр облыстан 2 үміткер*) ұсынады.

Қатысушының аты-жөні, ауданы (қаласы), мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты- жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар сұранысты Алматы облысы білім басқармасының «Жас дарын» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау ғылыми-практикалық орталығына [samat.rysbayev@internet.ru](mailto:samat.rysbayev@internet.ru) электронды поштасына жіберулері керек. (*Қосымша ақпарат үшін +7-702-741-80-79 Самат Куненджсанұлы*)

«Жыр алыбы - Жамбыл» жас ақындар айтысы жоғарыда көрсетілген бөлімдер бойынша 3 кезеңде өткізіледі.

Бірінші аудандық/қалалық кезең - өткізудің нақты мерзімін тиісті білім бөлімдері белгілейді.

Екінші облыстық кезең – өткізудің нақты мерзімі – облыстық білім басқармалары белгілейді.

Үшінші республикалық кезең 2025 жылдың қыркүйек айының соңғы онкүндігінде өткізіледі.

Республикалық кезең өтетін айтыстың мекен-жайы: *Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Сүйінбай көшесі-27 Мәдениет уйі*. Айтысқа қатысатындар Ұзынағаш ауылындағы Т.Рұскұлов атындағы орта мектеп жанындағы мектеп-интернатқа орналасады.

**Ескерту:** 1) Былтырғы «Жыр алыбы - Жамбыл» айтысының жеңімпазы биылғы байқауға қатыса алмайды.

2) Айтысқа қатысатын ақындарда дәрігерлік анықтама (эпидокружение және қызылашага қарсы анықтама) болуы міндетті.

### **III. Қаржыландыру**

3.1. Айтысқа қатысушылардың жолда жүргуге байланысты шығындарын, жіберіп отырған мекеме көтереді.

3.2. Айтысқа қатысатын оқушылардың жатын орны мен тамағын Алматы облысының білім басқармасы көтереді. Жетекшілердің жатын орны мен тамағы жіберуші жақ есебінен төленеді.

3.2. Айтысқа қатысушыларды марапаттауға және жүлделері мен кенсе заттарын сатып алуға, залды безендіруге байланысты шығындарды Алматы облысының білім басқармасы көтереді.

### **IV. Ұйымдастыру шаралары**

4.1. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған республикалық «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбындағы

жас ақындар айтысын үйімдастыру және өткізу мақсатында облыстық білім басқармасының бүйрүгімен үйімдастыру комитеті құрылады.

4.2. Үйімдастыру комитетінің құрамына облыстық білім басқармасының мамандары, облыстық мекемелер және жергілікті басқару органының мамандары енгізіледі.

4.3. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған республикалық «Жыр алдыбы-Жамбыл» жас ақындар айтысын өткізудің үйімдастыру комитеті:

- Республикалық жас ақындар айтысын өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;
- Тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- Республикалық жас ақындар айтысының қорытындысына талдау жасайды және жинақтап қорытады;
- Республикалық жас ақындар айтысының қорытындысы туралы баспасөзге жариялады;
- Үйімдастыру комитетінің төрағасы – облыстық білім басқармасының басшысы.

## V. Қазылар алқасы

5.1. Республикалық Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алдыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысының қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және 3-5 алқа мүшелерінен тұрады.

5.2. Қазылар алқасының құрамы үйімдастыру комитетінің ұсынуы бойынша Алматы облысының білім басқармасы басшысы бекітеді.

5.3. Қазылар алқасы: айтыскердің өлеңді үйқастыру қабілетіне, суырып салмалық қасиетіне және тақырыптан ауытқымай айтысуына, сахнада өзін- өзі ұстау шеберлігіне, киім киісіне талдау жасайды. Әр айтыскерді **10 баллдық** жүйемен бағалайды;

- қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;
- республикалық мектеп оқушылары арасындағы жас ақындар айтысының қорытындысы бойынша облыстық білім басқармасына есеп береді.

## VI. Жүлдегерлерді марапаттау

6.1. Республикалық Ж.Жабаевқа арналған “Жыр алдыбы – Жамбыл” тақырыбындағы жас ақындар айтысының ашылуы және қорытындылап жабылуы, салтанатты түрде өтеді.

6.2. Республикалық оқушылар айтысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының шешімі бойынша «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының әр номинация бойынша (2 номинация қайым айтыс және тақырыптық айтыс) 7 жүлделі орын, (бас жүлде (біреу), 1 орын (біреу), 2 орын (екеу), 3 орын (үшеу) барлығы 14 (он төрт) жүлделі орын) және әр номинация бойынша 4 (төрт) (барлығы 8 (сегіз) ) арнайы жүлде дипломдары мен, грамоталырымен марапатталып қатысушыларға сертификаттар беріледі.